

Биологиядан республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңі

1 тур

Уақыты: 180 минут

Жалпы ұпай саны: 100

Жауаптарды жауаптар парағына белгілеңіз

**Жасушаның молекулярлық биологиясы**

1. Төменде бірдей мөлшердегі үш түрлі пептидтердің амин қышқылдарының мөлшері көрсетілген (пептид X, пептид Y, пептид Z):

- **Пептид X:** 10% Ile, 10% Glu, 5% Gly, 5% Leu, 10% Asp, 5% Arg, 5% Met, 5% Cys, 5% Tyr, 5% Phe, 5% His, 5% Val, 5% Pro, 5% Thr, 5% Ser, 5% Asn, 5% Gln.
- **Пептид Y:** 10% Ala, 5% Glu, 5% Ser, 15% Leu, 10% Arg, 5% His, 5% Ile, 5% Phe, 5% Tyr, 10% Lys, 10% Gly, 5% Pro, 10% Trp.
- **Пептид Z:** 5% Leu, 5% Val, 10% Gly, 5% Asp, 10% Ala, 5% Arg, 5% Phe, 5% Tyr, 5% Lys, 5% Trp, 5% Ser, 5% Thr, 5% Glu, 5% Asn, 10% Pro, 5% Met, 5% Cys.

Егер бұл пептидтер рН 7.0 деңгейінде анион алмасу бағанына орналастырылса, пептидтер бағаннан қандай ретпен шығады?


- A. Пептид Y, Пептид Z, Пептид X
- B. Пептид X, Пептид Y, Пептид Z
- C. Пептид Z, Пептид Y, Пептид X
- D. Пептид X, Пептид Z, Пептид Y
- E. Пептид Y, Пептид X, Пептид Z

2. Ферменттің атын анықтаңыз:

Бұл гликолиз реакцияларына қатысатын фермент. Бұл лиаза. Ол катализдейтін реакция екі бағытты болады. Ол катализдейтін реакция нәтижесінде түзілген өнімнің бірі изомерлену реакциясы нәтижесінде екіншісіне айналады.

- A. Альдолаза
- B. Триозофосфат изомераза
- C. Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназа
- D. Энолаза
- E. Глюкозо-6-фосфат-изомераза

3. Құстар тұмауының вирусы 2008-2009 жылдары пандемияны қоздырды. Вирустық нейраминидаза ферменті жасуша бетінен жетілген вирустық бөлшектердің бөлінуіне жауап береді. Тамифлю (оселтамивир) - вирустық нейраминидаза ингибиторы. Соңғы жылдары Тамифлюге вирустық төзімділік дамыған үшін альтернативті ингибиторлар жасалды. Реленза (занамавир) - осындай жаңа дәрілердің бірі. Вирустық нейраминидазаның белсенділігі ингибиторлардың болмауымен және Реленза / Тамифлю қатысуымен өлшенді. Эксперимент бойынша сызылған Лайнуивер-Берк қисықтары төменде көрсетілген.




Төменде көрсетілгендердің қайсысы кинетикалық мәліметтер бойынша дұрыс?

- I. Тамифлю - вирустық нейраминидазаның бәсекелес ингибиторы.
- II. Реленза - бұл вирустық нейраминидазаның бәсекелес емес ингибиторы.
- III. Тамифлю тек бос ферментпен байланысады.
- IV. Реленза тек фермент-субстрат кешенімен байланысады.
- V. График бойынша ингибитор болмаған кезде реакция жылдамдығы 0,1 μмоль / мин құрайды.

- A. I, II
- B. I, III
- C. I, II, III
- D. II, III, IV
- E. I, II, III, V

4. Ақуыз Р - жасушалардың өсуін реттейді, әдетте цитозолда болады және оларда ядролық оқшаулау (локализация) сигналы (NLS) жоқ. Алайда, жасушалар өсу гормонымен өңделгенде; Ақуыз Р жасуша ядросына еніп, жасушаның көбеюіне қатысатын транскрипция факторларын белсендіреді. Тағы бір ақуыз Q, Р-мен өзара әрекеттеседі, Q функциясын анықтау үшін Q гені жоқ мутант (нокаут) құрылды. Жабайы типтегі және нокаутты жасушалар шығарылған. Р және Q ақуыздарының болуы SDS-PAGE арқылы тексерілді, содан кейін вестерн-блот анализы жасалды. Төменде вестерн-блот нәтижелері берілген.



**М: мембрана    Ц: цитозоль    Я: ядро**

Төменде келтірілген тұжырымдардың қайсысы эксперимент нәтижелері бойынша дұрыс?


- A. Өсу гормоны Р ақуызымен байланысады, ал Р-Q ақуыз кешені жасуша ядросына енеді.
- B. Q ақуызы өсу гормоны болмаған кезде мембранамен байланысады және өсу гормоны әсерімен Р ақуызымен бірге жасуша ядросына жеткізіледі.
- C. Q ақуызы өсу гормоны бар кезде Р ақуызын ыдыраудан сақтайды. Осылайша, Р ақуызын жасуша ядросына жеткізуге болады.
- D. Q ақуызының Р ақуызымен байланысуы өсу гормоны болмаған кезде Р ақуызының жасуша ядросына өтуіне жол бермейді.
- E. Ақуыз Р және ақуыз Q бос рибосомаларда синтезделеді.

daryn-003

daryn-003

daryn-003

5. Төмендегі графикте актин талшығының оң (плюс) және теріс (минус) соңдарының өсу жылдамдығы G-актин концентрациясына қатысы көрсетілген.



Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

- I. Актин талшығы тек оң соңынан бастап өседі.
- II. Тредмиллинг В және D нүктелерінің арасында жүреді.
- III. Полимерлену үшін критикалық концентрация теріс соңында жоғары болады.
- IV. Актин талшығының мөлшері G-актиннің концентрациясы 0,5  $\mu\text{M}$  болғанда өзгермейді.
- V. Динеин және кинезин моторлы ақуыздары актин талшытарында жұмыс істейді.

- A. I, II
- B. II, III
- C. II, III, V
- D. I, III, IV
- E. III, IV, V

6. Рекомбинантты плазмида енгізілген-ДНҚ-ны рUC9 плазмидасына ендіру арқылы жасалған. Тәжірибенің қаншалықты дұрыс болғанын түсіну үшін ДНҚ бөліп шығарылды. Нанодроплеттермен операциялар нәтижесінде; Рекомбинантты плазмиданың концентрациясы 100 мкг ДНҚ / мл, бос (ендірусіз) плазмиданың концентрациясы 500 нг ДНҚ / мл құрады. Рекомбинантты плазмида және плазмида рUC үшін әр түрлі рестрикциялық реакциялар жасалды (кесте 1).

Кесте 1: Әр түрлі рестрикциялық реакциялары


№	Қай ферментпен кесілген
1	Рекомбинантты плазмида BamHI ферментімен кесіледі
2	Рекомбинантты плазмида EcoRI ферментімен кесіледі.
3	Рекомбинантты плазмида HindIII ферментімен кесіледі.
4	Рекомбинантты плазмида EcoRI және HindIII ферменттерімен кесіледі.
5	Рекомбинантты плазмида PstI ферментімен кесіледі.
6	рUC9 BamHI ферментімен кесіледі.

Әрбір рестрикциялық реакциясы 1 мкг ДНҚ-ны кеседі. Сіз қолданылған әр ферменттің 2 бірлігін (Ед – единица) пайдалануыңыз керек. Реакция ерітіндісіндегі буфердің концентрациясы 1X болуы керек. Реакция ерітіндісінің соңғы көлемі 20 мкл болуы керек. Тиісінше, реакция ерітінділерін қалыптастыру үшін бастапқы ерітіндіден қандай көлем алу керек екендігі есептелінді. Көлемдер 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2: Рестрикциялық реакцияларын дайындауда қолданылатын көлемдер.

Пайдаланылған бастапқы ерітінділер (олардың концентрациясын көрсете отырып)	Реакциялар					
	1	2	3	4	5	6
Рекомбинантты плазмида (100 мкг ДНҚ/мл)	10 мкл	10 мкл	10 мкл	10 мкл	10 мкл	
рUC плазмидасы (500 нг ДНҚ / мкл)						2 мкл
BamHI (10 Ед / мкл)	0.2 мкл					0.2 мкл
EcoRI (10 Ед / мкл)		0.2 мкл		0.2 мкл		
HindIII (10 Ед / мкл)			0.2 мкл	0.2 мкл		
PstI (10 Ед / мкл)					0.2 мкл	
Буферлік ерітінді (10X)	2 мкл	2 мкл	2 мкл	2 мкл	2 мкл	2 мкл
Су (H <sub>2</sub> O)	7.8 мкл	7.8 мкл	7.8 мкл	7.6 мкл	7.8 мкл	15.8 мкл
Реакция ерітіндісінің жалпы көлемі	20 мкл	20 мкл	20 мкл	20 мкл	20 мкл	20 мкл

Рестрикциялық реакцияларының нәтижесінде пайда болған өнімдер электрофорез әдісімен агарозды геледе бөлінді. Алынған гельдің фотосуреті төменде көрсетілген. Маркер L ұңғымаға, ал кесілмеген рекомбинантты плазмида U ұңғымаға жүктелді. Нөмірленген реакциялардың өнімі сәйкесінше 1-6 ұңғымаларға жүктелді. Гельдегі жолақтардың өлшемдері мнж-де (мың нуклеодиттер жұптары) жолақтардың астында көрсетілген.




Осы нәтижелерге сүйене отырып, төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

- I. рUC плазмидасының мөлшері шамамен 3,7 мнж.
- II. еңгізілген-ДНҚ-ның мөлшері шамамен 1,8 мнж.
- III. еңгізілген-ДНҚ HindIII рестрикция сайтында плаزمидаға ендірілген.
- IV. 2-кестедегі барлық көлемдер дұрыс есептелген.
- V. Гельдегі U әрпімен белгіленген жолда екі түрлі жолақ бар. Бұл рекомбинантты плазмида ферменттермен бөлінбесе де, кенеттен ферментативті емес гидролиздейді және фрагменттейді.

- A. I, II, III
- B. I, V
- C. I, II, III, IV
- D. I, III, IV
- E. I, II, III, IV, V

7. AMES сынақтамасы екі мутагенді қосылыстардың ( $\text{NaN}_3$  және EthBr) және екі түрлі *Salmonella typhimurim* штамдарының мутагендік әсерін анықтау үшін жүргізілді. Бұл сынақтамада гистидині бар және гистидині жоқ екі түрлі *Salmonella typhimurim* штамдары егіліп, бауыр сығындысы бар немесе жоқ болған кезде мутагенді қосылыстармен сіңірілген орталық дискі бар ортада инкубацияланды. Төмендегі кестедегі бағаналар әр Петриде қандай мутаген қолданылғанын және бауыр сығындысы қосылған-қосылмағанын көрсетеді. Төменде Петри тостағанында инкубациядан кейін пайда болған ортаның жағдайы көрсетілген. (Қара нүктелер колонияларды білдіреді, ортадағы ақ шеңбер мутагенге сіңірілген диск).

$\text{NaN}_3$	-	+	+	-	-
EthBr	-	-	-	+	+
Бауыр сығындысы	-	-	+	-	+




Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

- I.  $\text{NaN}_3$  1 штаммның мутациясын тудырып, бактерияларды қайтадан  $\text{his}^+$  генотипіне айналдырды.
- II. EthBr 2 штаммында инсерциялық мутация тудыруы мүмкін.
- III.  $\text{NaN}_3$  бауыр ферменттері арқылы күштірек мутагенді қосылысқа айналады.
- IV. EthBr бауыр ферменттері арқылы күштірек мутагенді қосылысқа айналмайды.

- A. I, II
- B. II, IV
- C. I, III, IV
- D. II, III, IV
- E. I, II, III, IV



8. А генінің құрылымы төмендегі суретте көрсетілген. Тік төртбұрыштар экзондарды, ал олардың ішіндегі сандар экзондардың өлшемдерін көрсетеді. Интрондар сызықтармен көрсетілген, олардың өлшемдері төменде көрсетілген. Құрамында А гені бар жасушалар бөлініп шығарылып, қДНҚ синтезі жүргізілді. Кейіннен алынған қДНҚ үлгілерімен ПЦР жүргізілді. ПЦР-да қолданылатын праймерлерді байланыстыратын телімдер (участки) суретте көрсетілген. ПЦР өнімдері гель электрофорезімен талданды. Осы гельді қолдана отырып саузерн блот жасалды және радиоактивті зонд экзон X1-ге қосылды. Саузерн блот нәтижелері төменде көрсетілген.



Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

I. қДНҚ синтезінде қолданылатын праймер суреттегі кері праймер байланыстыратын теліммен байланысады.

II. Бұл генде альтернативті сплайстар көрінеді.

III. Мысалда көрсетілген ең үлкен жол X1, X2, X3, X4 және X5 экзондарынан тұрады.

IV. Егер ДНҚ-ны жасушалардан бөліп алып, қДНҚ синтезінің орнына ПЦР өткізген болса, шамамен 3,6 мнж (kb) болатын жолақ көрінетін болады.

A. I, II

B. I, II, IV

C. I, III, IV

D. II, III, IV

E. I, II, III, IV



9. Жан-жақты зерттеулер нәтижесінде адамның соматикалық бағаналы жасушаларында жасуша циклінің кезеңдерінің ұзақтығы анықталды және төмендегі кестеде көрсетілген.

G <sub>1</sub>	6 сағат
S	4 сағат
G <sub>2</sub>	1 сағат
M	1 сағат

Осы жасушалардан тұратын асинхронды жасушалар популяциясы құрамында радиоактивті тимидин ( $[^3\text{H}] \text{dT}$ ) бар ортада 30 минут бойы сақталады. ДНҚ синтездейтін жасушалар радиоактивті болып белгіленеді, өйткені олар жаңа синтезделген ДНҚ-ға радиоактивті тимидин қосады. Жасушалар популяциясы 30 минуттық кезеңнің соңында қайтадан радиоактивті тимидинсіз ортаға ауысады. Жасушалар қайтадан радиоактивті тимидинсіз ортаға өткеннен кейін 60 минуттан кейін радиоактивті тимидинмен белгіленген жасушалардың қанша пайызы M фазасында болады?

- A. 25%
- B. 18%
- C. 35%
- D. 11%
- E. 20%

10. Төмендегі кестеде 6 түрлі прокариоттық организмдердің энергия алмасуы туралы мәліметтер келтірілген (көміртегі көзі, электронды тасымалдау үшін энергия көзі, электронды тасымалдау жүйесіндегі электрон көзі, электронды тасымалдау жүйесіндегі соңғы электронды акцептор).


#	Көміртегі көзі	Электронды тасымалдау үшін энергия көзі	Электронды тасымалдау жүйесіндегі электрон көзі	Электронды тасымалдау жүйесіндегі соңғы электронды акцептор
1	Органикалық молекулалар	тотығу-тотықсыздану реакциялары	Органикалық молекулалар	O <sub>2</sub>
2	CO <sub>2</sub>	тотығу-тотықсыздану реакциялары	Fe <sup>2+</sup>	O <sub>2</sub>
3	CO <sub>2</sub>	жарық	H <sub>2</sub> S	
4	CO <sub>2</sub>	жарық	H <sub>2</sub> O	
5	Органикалық молекулалар	тотығу-тотықсыздану реакциялары	Органикалық молекулалар	SO <sub>4</sub> <sup>2-</sup>
6	Органикалық молекулалар	жарық		

Осы кесте бойынша келесі нұсқалардың қайсысы нөмірленген микроорганизмдердің (1-6) метаболизмін дұрыс атаған?

	Микроорганизмдер					
	1	2	3	4	5	6
A)	аэробты хемолитотроф	аэробты хемоорганотроф	аноксигенді фотоавтотроф	оксигенді фотоавтотроф	анаэробты хемолитотроф	фотогетеротроф
B)	аэробты хемоорганотроф	хемолитотроф	аноксигенді фотоавтотроф	оксигенді фотоавтотроф	анаэробты хемоорганотроф	фотогетеротроф
C)	аэробты хемоорганотроф	хемолитотроф	анаэробты фотоавтотроф	аэробты фотоавтотроф	хемолитотроф	анаэробты фотоавтотроф
D)	аэробты хемоорганотроф	аэробты хемоорганотроф	фотогетеротроф	оксигенді фотоавтотроф	анаэробты хемоорганотроф	аноксигенді фотоавтотроф
E)	аэробты хемоорганотроф	хемолитотроф	фотогетеротроф	аэробты фотоавтотроф	анаэробты хемоорганотроф	фотогетеротроф

## Генетика және эволюция


11. Нұрхан мен Әсемнің Тілеубек деген ұлы бар. Бұл ерлі-зайыптылар бірнеше жылдан бері екінші бала көтеруге тырысады, бірақ нәтиже жоқ. Сондықтан олар генетикалық кеңес алуды шешті. Нұрхан, Әсем және Тілеубектің кариотипі мен хромосомалардың топтауы сараптамадан өтті. Отбасының үш мүшесінің 11-ші хромосоманың жұптары төменде көрсетілген.



Осы үш адамның 11-хромосомасы туралы тұжырымдардың қайсысы дұрыс?  
I. Нұрханның 11-ші хромосомасындағы центромерасы бар телім инверсияға ұшырады.  
II. Тілеубек әкесінен инверсия телімінде рекомбинацияланған хромосоманы алды.  
III. Егер Нұрханда кроссинговер мейоз 1 кезінде инверсияға ұшыраған телімде болса, дупликацияланған және жойылған хромосомалар пайда болады.  
IV. Егер Нұрханда кроссинговер мейоз 1 кезінде инверсияға ұшыраған телімде болса, центромерасыз немесе екі центромерасы бар хромосомалар пайда болады.

- A. Тек III
- B. I, II
- C. I, III
- D. I, II, IV
- E. III, IV

12. Төмендегі көрсетілген шежіреде тұқымқуалау түрін анықтаңыз.




- A. X - байланысты доминантты тұқымқуалау
- B. X - байланысты рецессивті тұқымқуалау
- C. Автосомалық-доминантты тұқымқуалау
- D. Әкелік импринтинг
- E. Аналық импринтинг

13. А гемофилиясы - бұл коагуляцияның VIII факторының жетіспеушілігінен дамидын X-рецессивті ауру. Харди-Вайнберг тепе-теңдігіндегі, әйелдер мен ерлердің тең санынан тұратын популяцияның 12% -ы ауруға шалдыққан. Бұл популяцияда дені сау әйел мен сау ер адам үйленеді. Бұл ерлі-зайыптының баласы А гемофилиясымен ауыру ықтималдығы қанша?

- A. 8.3%
- B. 4.2%
- C. 4.9%
- D. 6.5%
- E. 1.3%

14. Төмендегі шежіредегі ара-қатынасқа қатысты тұжырымдардың қайсысы дұрыс?



- I. I-1 және III-1 даралардың туыстық коэффициенті 0,5.  
 II. I-1 және III-2 даралардың туыстық коэффициенті 0,125.  
 III. III-1 және III-2 даралардың туыстық коэффициенті 0,375.  
 IV. I-2 және II-3 даралардың туыстық коэффициенті 0,25.

- A. Тек I  
 B. I, II  
 C. I, III  
 D. II, III  
 E. III, IV

15. Популяцияда жирафтардың өсуін бақылайтын локустардың екі түрлі аллелі бар (A және a). AA генотипі ұзын бойға, ал aa генотипі аласа бойға әкеледі. Aa генотипі бар жирафтардың бойы осы екі фенотиптің арасында және орташа болып келеді. Харди-Вайнберг тепе-теңдігіндегі жирафтар популяциясында ұзын бойлылардың жиілігі 32% құрайды. Бұл ұрпақта орта бойлы жирафтардың 10% -ы және аласа бойлы жирафтардың 40% -ы өз ұрпақтарын көбейте алмай өліп қалды.

Тірі қалған жирафтар арасындағы жұптасу кездейсоқ болды деп есептейік. Бұл жағдайда келесі ұрпақта аласа бойлылардың пайда болу ықтималдығы қанша болады?

- A. 0.150  
 B. 0.113  
 C. 0.033  
 D. 0.171  
 E. 0.095

16. O157: H7 *E. coli* бактерияларының ең қауіпті серотипі болып саналады және әр түрлі ауруларды, әсіресе геморрагиялық колитті тудырады. Бұл бактериямен күресу үшін бактериофагтар қолданылады. Зерттеушілер 2 түрлі фагты бөліп шығарды. Бұл фагтарды *E. coli*-ге трансдукциялау тәжірибелері келесідей.

Екі фагты алдымен  $pur^+ pro^+ his^+$  (пурин, пролин және гистидин) синтездей алатын донор-бактериялармен инкубациялады. Содан кейін фагтар бөліп шығарылып, оның  $pur^- pro^- his^-$  реципиент-бактерияларына инкубацияланды (пурин, пролин және гистидинді синтездей алмайды). Трансдукциядан кейін реципиент-бактериялар үш түрлі таңдамалы ортада өсірілді (X, Y, Z). Әр ортада өсетін колониялар генотиптелген және осы генотиптердің арақатынасы төмендегі кестелерде көрсетілген.

- X орта құрамында пролин мен гистидин бар және құрамында пуриндер жоқ.
- Y орта құрамында пурин мен гистидин бар және құрамында пролин жоқ.
- Z орта құрамында пролин мен пурин бар және құрамында гистидин жоқ.

1ші фагпен трансдукцияның нәтижелері

Орта X	Орта Y	Орта Z
$pro^- his^-$ 86%	$pur^- his^-$ 44%	$pur^- pro^-$ 20%
$pro^+ his^-$ 0%	$pur^+ his^-$ 0%	$pur^+ pro^-$ 14%
$pro^- his^+$ 10%	$pur^- his^+$ 54%	$pur^- pro^+$ 61%
$pro^+ his^+$ 4%	$pur^+ his^+$ 2%	$pur^+ pro^+$ 5%

2ші фагпен трансдукцияның нәтижелері


Орта X	Орта Y	Орта Z
$pro^- his^-$ 0%	$pur^- his^-$ 0%	$pur^- pro^-$ 0%
$pro^+ his^-$ 0%	$pur^+ his^-$ 0%	$pur^+ pro^-$ 0%
$pro^- his^+$ 0%	$pur^- his^+$ 100%	$pur^- pro^+$ 100%
$pro^+ his^+$ 0%	$pur^+ his^+$ 0%	$pur^+ pro^+$ 0%

Нәтижелерге сүйене отырып, төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс екенің анықтаңыз.

- Бактериялардың гендерін картаға түсіру кезінде  $pur$  мен  $his$  гендері бір-біріне жақын орналасқан.
- 2-ші фагтың профагы  $pro$  мен  $his$  гендерінің арасына еніп кетті.
- 1-ші фаг жалпыланған трансдукцияны орындайды.
- Егер емдеу үшін тек вирулентті бактериофагтар қолданылса, 2-ші фагты қолдануды болмайды.

- II және III
- I және IV
- II, III және IV
- II және IV
- I және III

17. Нейроспорада жыныстық споралар аск деп аталатын қапшықтарда пайда болады. Спораның аналық жасушасы осы қапшықта мейоз, содан кейін митозға ұшырайды. Осылайша, аналық жасушадан 8 спора түзіледі. Аск ішіндегі мейоз бен митоздың бөлінуі бір жазықтықта жүреді, ал споралар түзу сызық бойымен түзіледі. Нейроспоралардың осы қасиетін қолдана отырып, асктарда әр түрлі генотиптердің споралардың ретін зерттеуге және генетикалық картаны жасауға болады.




Нейроспорамен жүргізілген зерттеуде «f/ag» (фенолға сезімтал, аргинин түзе алмайтын) және «+ / +» генотипті нейроспора будандастырылған. 6 түрлі асктарға төмендегі кестеде көрсетілгендей сандар қойылады.

Аск типі	Аск спораларының генотиптері (аск ретімен)								Аск саны
	1	2	3	4	5	6	7	8	
1	? / ag	f / ag	f / +	? / +	? / ?	+ / +	+ / ?	+ / ?	11
2	f / +	f / +	+ / +	+ / ?	+ / ag	+ / ag	f / ag	? / ?	52
3	f / ag	f / ag	? / ag	? / ?	? / +	+ / +	? / +	+ / +	41
4	+ / ag	? / ag	? / ?	? / ag	f / +	f / +	f / +	? / ?	3
5	f / +	f / +	f / ?	? / ag	+ / +	? / +	? / ?	+ / ag	9
6	f / +	f / +	? / ?	? / ?	? / ?	? / ?	+ / ag	+ / ag	30

Кестеде қандай генотиптер сұрақ белгісімен (?) белгіленбеген көрсетілмеген. Тапсырманы шешу үшін сіз қандай гендер сұрақ белгісімен (?) белгіленгенін анықтап, кестені толтыруыңыз керек. Алайда, кестеде 6 түрлі аск спораларының генотиптерінің біреуін анықтау үшін ақпарат жеткіліксіз. Асктың қай түрінде споралардың генотиптерін анықтау мүмкін еместігін анықтаңыз және картаға түсіру кезінде асктың бұл түрін ескермеңіз.

Хромосомада f, ag және центромерлердің орналасуы қай картада дұрыс көрсетілген? (S - центромера.)





18. Балапандардың бесінші хромосомасындағы үш ген ( $k$ ,  $f$ ,  $c$ ) жаңа туған нәрестелердегі қанат бұлшықеттерінің санын анықтайды. Төменде гендер картасы көрсетілген (СМ = сантиморганид). Айталық, гендер арасында 20% интерференция бар.




$k$ ,  $f$ ,  $c$  локустарындағы әрбір доминантты аллель бұлшықет көлемінің сәйкесінше 20, 10 және 5  $\mu\text{m}^3$ -ке өсуіне әкеледі. Рецессивті аллельдер ешқандай әсер етпейді. Гомозиготалы рецессивті балапандар бұлшықеттердің көлемі 10  $\mu\text{m}^3$  болып туылады.

$KFC / KFC \times kfc / kfc$  шағылыстыру нәтижесінде алынған  $F_1$  ұрпағынан организм барлық гендер үшін гомозиготалы рецессивті организммен шағылыстырылды. 5 ұрпақтың 3-інде бұлшықет көлемі 35  $\mu\text{m}^3$  немесе одан көп болу ықтималдығы қанша?

- A. 0,153
- B. 0,441
- C. 0,252
- D. 0,341
- E. 0,472

19. *Equus ferus*, сондай-ақ Ахалтеке деп те аталатын, адамдар қолға үйреткен алғашқы жылқы тұқымы болып саналады. Орталық Азиядан шыққан бұл жылқылардың бойы 1,4-1,7 метр аралығында болады. Түркіменстан аймағында жүргізілген зерттеу жылқы бойының қоршаған орта факторларына тәуелділігін тексерді. Бұл зерттеуде жылқылардың еркек ата-аналарының бойларын олардың ересек ұрпақтарының бойымен салыстырды, және ұрпақтың бойы қаншалықты әкесінің бойымен анықталды екенін көрсететін сызықтық регрессия қисығы құрылды. Регрессия қисығының теңдеуі төмендегі графикте көрсетілген.



Сонымен қатар, басқа тұқымды жылқылар сияқты қоршаған орта жағдайында бірнеше ұрпақ бойында өсірілген туыстас екі жылқыны пайдалану арқылы инбридинг деңгейі жоғары таза популяция қалыптасты. Осы популяцияның өсуін зерттегенде фенотиптік дисперсия шамамен 0,41-ге тең екендігі байқалды.

Мұны ескере отырып:


$$\text{фенотиптік дисперсия} = \text{генетикалық дисперсия} + \text{экологиялық дисперсия}$$

$$\text{тұқым қуалаушылық} = \frac{\text{генетикалық дисперсия}}{\text{фенотиптік дисперсия}}$$

Осу ерекшелігі сандық жағынан аутосомды гендер арқылы тұқым қуалайтынын ескере отырып, алғашқы жылқы популяциясында генетикалық дисперсия шамамен қанша?

- A. 0,726
- B. 0,253
- C. 0,112
- D. 0,519
- E. 0,192

20. Синапоморфия - бұл филогенетикалық ағаштың тармағындағы белгінің алынған күйіне сәйкес бірнеше салыстырылған топтардың ұқсастығы. Гомологиялық аймақта ДНҚ секвенириваниесының нәтижесінде алынған мәліметтерге сәйкес, бес түрлі таксондарға, атап айтқанда К таксонының, сілтеме жасай отырып, келесі филогенетикалық ағаш пайда болды. Ретке келтірілген тізбектер ағашта көрсетілген.




Бұл филогенетикалық ағашта қанша синапоморф бар?

- A. 0
- B. 7
- C. 5
- D. 1
- E. 3

## Жануарлардың анатомиясы мен физиологиясы

21. Төмендегі графикте үш сүтқоректілерге арналған әр түрлі ұлпалардағы (қаңқа бұлшық еті, өкпе, қан және барлық басқа ұлпалар) дене салмағының бір килограммына келетін оттегінің мөлшері (мл  $O_2$  / кгД) көрсетілген.



Графиктегі мәліметтерге сүйене отырып, төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс екенін анықтаңыз.


- I. Графикте X көрсетілген ұлпа - бұл қан.
- II. Графикте Y әрпімен көрсетілген ұлпа - қаңқа бұлшықеті.
- III. Графикте Z көрсетілген ұлпа – бұл өкпе.
- IV. Теңіз арыстаны итбалықтан гөрі ұзағырақ сүңгиді.
- V. Итбалық денесіндегі оттегінің жартысынан көбі оның қанында.

- A. I, II
- B. I, III, IV
- C. II, III, IV
- D. II, III, V
- E. III, V

22. Физиологиялық зертханада иттегі дене сұйықтығының көлемін есептеу үшін эксперимент жүргізілді. Ол үшін итке бір уақытта 50 мг радиоактивті таңбаланған альбумин және 2 г маннитол берілді. Радиоактивті таңбаланған альбумин капиллярлардан шыға алмайды. Маннитол капиллярлар арқылы шыға алады, бірақ жасуша мембрана арқылы шыға алмайды. Бір сағаттан кейін иттен қан алып, радиоактивті таңбаланған альбуминнің плазмалық концентрациясы 31 мкг / мл және маннитол концентрациясы 0,29 мг / мл болды. Осы бір сағат ішінде маннитолдың 5% -ы зәрмен шығарылды. Радиоактивті альбуминді зәрмен шығару мүмкін емес, өйткені ол шумақтан сүзгілмейді. Осы нәтижелерге сәйкес, иттегі жасушааралық сұйықтық көлемі қанша литрді құрайды?

- A. 3.85л
- B. 4.94л
- C. 5.12л
- D. 7.36л
- E. 9.00л


23. Төмендегі суреттегі нефронның нөмірленген бөліктері туралы келесі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?



- I. Паратгормон гормоны 1-аймақтағы фосфаттың реабсорбциясын ынталандырады.
- II. АДГ болмаған кезде 5-аймақтағы сұйықтық 2-бөлімдегі сұйықтыққа қатынасты изоосмотикалық болып табылады.
- III. 3-аймақтың су өткізгіштігі, 2-аймаққа қарағанда жоғары.
- IV. Альдостерон 4-аймақтағы  $K^+$  секрециясын ынталандырады.
- V. Несепнәр (мочевина) үшін 5-аймақтың өткізгіштігі 4-аймаққа қарағанда жоғары.

- A. I, II
- B. I, IV
- C. I, II, V
- D. I, III, IV
- E. IV, V

24. Динамикалық және изометриялық жаттығулардың қан қысымына әсерін зерттеуге арналған эксперимент жасалды. Бұл экспериментте еріктілер тобы әр түрлі қарқындылықта динамикалық жаттығулар (велосипедпен) орындады. Динамикалық жаттығулар қарқындылығы  $\text{VO}_2 \text{ max}$ -тан пайызбен анықталды, зерттелушілердің қан қысымы өлшенді және топтың орташа көрсеткіштері тіркелді (График 1). Сол зерттелушілер жеткілікті тынығудан кейін әртүрлі қарқындылықта изометриялық жаттығуларды (садақтың иілу изометриялық қозғалысы) жасады. Изометриялық жаттығулар қарқындылығы максималды ерікті жиырылудың (МІК) пайызы ретінде анықталды, зерттелушілердің қан қысымы өлшенді және топтың орташа көрсеткіштері тіркелді (График 2).



Графиктер негізінде төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс екенін анықтаңыз.

- I. Диастолалық қан қысымы динамикалық жаттығулар қарқындылығы жоғарылаған сайын айтарлықтай төмендейді.
- II. Динамикалық жаттығулар кезінде перифериялық қан тамырларының жалпы кедергісі артады.
- III. Изометриялық жаттығулар кезінде жүйелік веноздық тонус жоғарылайды.
- IV. Жаттығу кезінде коронарлық қан ағымы артады.
- V. Изометриялық жаттығулар кезінде қан қысымы сол қарқындылықтағы динамикалық жаттығуларға қарағанда көбірек жоғарылайды, өйткені изометриялық жаттығулар кезінде қаңқа бұлшықеттерінің тамырлары тамыр тарылуы күйінде болады.

- A. I, II
- B. II, III, IV
- C. I, III, IV, V
- D. III, IV
- E. III, IV, V

25. Жасуша ішіндегі және сыртындағы концентрация айырмашылығы нәтижесінде жасуша мембранасы арқылы өте алатын ионның тепе-теңдік потенциалы ( $V_{Eq}$ ) Нернст теңдеуімен анықталады.  $37^\circ\text{C}$  температурасындағы Нернст теңдеуі келесідей. (Теңдеуде  $Z$  - сәйкес ионның заряды. Концентрация бірлігі мМ, ал кернеу өлшем бірлігі мВ.)

$$V_{eq} = \frac{61}{z} \log \left( \frac{C_{\text{сыртында}}}{C_{\text{ішінде}}} \right)$$

Нернст теңдеуінен табылған мән тек сәйкес ионның тепе-теңдік потенциалын береді (жоғарыдағы теңдеудегі «X» ионы). Шындығында, жасуша ішіндегі және жасушадан сыртындағы сұйықтықта көптеген иондар бар. Жасушалық мембрана арқылы өте алатын барлық иондар мембраналық потенциалға әсер етеді ( $V_m$ ). Жасуша мембранасы арқылы өте алатын бірнеше ионның ішіндегі және сыртындағы концентрация айырмашылығынан пайда болатын мембраналық потенциал Голдман-Ходжкин-Катц теңдеуімен анықталады.  $K^+$ ,  $Na^+$  және  $Cl^-$  үшін Голдман-Ходжкин-Кац теңдеуі келесідей. ( $p_K$  теңдеуінде: калийге мембрана өткізгіштігі,  $p_{Na}$ : натрийге мембрана өткізгіштігі,  $p_{Cl}$ : хлорға мембрана өткізгіштігі. Концентрациялық бірлік мМ, кернеу бірлігі мВ.)

$$V_m = 61 \log \left( \frac{p_K [K^+]_{\text{сыртында}} + p_{Na} [Na^+]_{\text{сыртында}} + p_{Cl} [Cl^-]_{\text{ішінде}}}{p_K [K^+]_{\text{ішінде}} + p_{Na} [Na^+]_{\text{ішінде}} + p_{Cl} [Cl^-]_{\text{сыртында}}} \right)$$

Мембрана потенциалын зерттеу үшін эксперимент жасалды. Жасанды жасуша тек  $K^+$ ,  $Na^+$  және  $Cl^-$  үшін жабық иондық каналдары бар мембрананың көмегімен жасалған.  $K^+$ ,  $Na^+$  және  $Cl^-$  иондары үшін мембрананың өткізгіштігі сәйкесінше 6P, 2P және P болып табылады. Мембранада иондарға арналардан басқа тасымалдаушы жоқ. Қоршаған орта температурасы  $37^\circ\text{C}$ .

Жасушаішілік және жасушаның сыртындағы сұйықтықтың мөлшері:

Жасушаішілік сұйықтықтағы ион концентрациясы: 50мМ  $Na^+$ , 50мМ  $Cl^-$ , 10мМ  $K^+$ , 10мМ  $Br^-$

Жасушаның сыртындағы сұйықтықтағы ион концентрациясы: 20мМ  $Na^+$ , 60мМ  $Cl^-$ , 60мМ  $K^+$ , 20мМ  $Br^-$

Осы эксперименттік шарттардағы жасуша туралы келесі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

I. Егер жасушаның ішіндегі және жасушаның сыртындағы сұйықтықтар жоғарыда көрсетілгендей болса, онда мембраналық потенциал шамамен +19 мВ болады.

II. Жоғарыда аталған жағдайларда калий үшін электрохимиялық күштің шамасы натрий үшін электрохимиялық күштің шамасынан үлкен.

III. Мембрана арқылы оңай өтетін ион мембраналық потенциалға көбірек ықпал етеді.

IV. Осы жағдайда жасушаның  $Br^-$  үшін тепе-теңдік потенциалы -18 мВ болады.

A. I, II

B. I, III



C. II, III

D. I, II, III

E. I, III, IV




26. Төмендегі суретте көру орталық жүйке жүйесіне жеткізетін жолдардағы зақымданулар (1-6) және осы зақымданулардан туындаған көру өрістеріндегі жоғалулар (X-R) көрсетілген. Төменде келтірілген нұсқалардың қайсысы көру өрістің жоғалуы мен оны тудыратын зақымданулармен дұрыс байланысқан?



	X	Y	Z	T	P	R
A.	4	5	2	6	1	3
B.	4	2	6	3	1	5
C.	4	5	3	6	1	2
D.	4	6	2	5	1	3
E.	4	3	5	2	1	6

27. Болашақ баланың қан айналымы жүйесі ересек адамнан айтарлықтай ерекшеленеді. Олардың бірі - болашақ баланың қолқасы мен өкпе артериясы арасындағы функционалды байланыс. Бұл байланыс күретамырлы өзек деп аталады. Көптеген нәрестелерде бұл құрылым туылғаннан кейін бірнеше күн ішінде жабылып, жоғалады. Осылайша, қолқа мен өкпе артериялары арасында байланыс жойылады. Жаңа туылған нәрестелердің 0,05% -ында бұл құрылым өздігінен жабыла алмайды және ашық күйінде қалады. Бұл жағдай ашық күретамырлы өзек (PDA) деп аталады. PDA - жүректің ең көп таралған ауытқуларының бірі.



Қалыпты

Ашық күретамырлы өзек (PDA)

Берілген ақпаратқа және жоғарыдағы суретке сүйене отырып, төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс екенін анықтаңыз.

- I. PDA-мен ауыратын балаларда өкпе артериясындағы қысым қалыптыдан жоғары болады.
- II. PDA бар балаларда жүйелік артериялық диастолалық қысым қалыптыдан жоғары болады.
- III. Өкпе артериясындағы  $PO_2$  PDA бар балаларда қалыптыдан жоғары.
- IV. PDA бар балаларда жүйелік артериялық  $PO_2$  қалыптыдан төмен.

- A. I, II
- B. I, III
- C. I, II, IV
- D. Тек III
- E. II, III, IV

28. Әр түрлі себептермен ауруханаға түскен төрт адамнан қан алынды және олардың ТТГ, бос Т3 және жалпы Т3 деңгейлері өлшенді. Нәтижелер төмендегі кестеде көрсетілген.

Нәтижелер	Жалпы Т3	Бос Т3	ТТГ
Нәтиже 1	↑	↑	↓
Нәтиже 2	↓	↔	↔
Нәтиже 3	↓	↓	↑
Нәтиже 4	↓	↓	↓

(↑: жоғары, ↓: төмен, ↔: нормаға сәйкес)


Қосымша тексерулер нәтижесінде бұл адамдар қандай аурулармен ауыратыны белгілі болды:

- X пациент ұзақ уақыт бойы құрамында йод мөлшері аз тағам жеген.
- Y пациентінде артық гормондар түзетін қалқанша безінің ісігі бар.
- Науқас Z тироксинмен байланыстыратын глобулинді (ГТГ) жеткілікті мөлшерде шығара алмайды.
- Науқас T-ның гипофизі алдыңғы бас жарақаты салдарынан зақымданған.

Кестедегі варианттардың қайсысында нәтижелер және осы нәтижелер тиесілі пациенттер дұрыс салыстырылған?

	Нәтиже 1	Нәтиже 2	Нәтиже 3	Нәтиже 4
A.	X	Y	T	Z
B.	X	Y	Z	Y
C.	T	Z	X	Y
D.	Y	Z	X	T
E.	Y	X	Z	Y


29. Төмендегі суретте адамның ас қорыту жүйесінің мүшелері мен құрылымдары нөмірленген.




Дұрыс тұжырымды анықтаңыз.

- A. 1ші құрылым май сіңіретін ферменттер түзеді.
- B. 2ші құрылымдағы секреция 3ші құрылымдағы секрецияға қарағанда қарқынды.
- C. 4ші құрылымынан бөлінетін гормон 2ші құрылымның жиырылуын ынталандырады.
- D. 5ші құрылымның ас қорыту жолына секрециясы рН төмен қышқылдыққа ие.
- E. 4ші құрылымдағы веноздық қан 1ші құрылымға түседі.

30. *Rattus norvegicus* және *Psammomys obesus* - дене өлшемдері ұқсас кеміргіштердің екі түрі. Осы екі сүтқоректілердің бүйректері шығарылған және бойлық кесілген.



*Rattus norvegicus* бүйрегі




*Psammomys obesus* бүйрегі

Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

- I. *Rattus norvegicus* бүйрегінің кортикопапиллярлы осмотикалық градиенті жоғарырақ.
- II. Юкстамедулярлы нефрондардың үлесі *Psammomys obesus* бүйрегінде жоғары.
- III. *Rattus norvegicus* белгілі уақыт бірлігінде аз зәр шығарады.
- IV. *Psammomys obesus* мекендейтін жері құрғақ.

- A. Тек II
- B. I, II
- C. II, III
- D. II, IV
- E. I, III, IV


31. В жасушалары мен Т-хелперлер туралы дұрыс тұжырымдар қайсысы?



- I. Антигенді көрсету кезінде жасушааралық адгезия молекулалары маңызды рөл атқарады.
- II. В- жасушасы МНС II кешенінде антигеннің бірнеше түрін көрсете алады.
- III. Ұсынылған антигенді тани отырып, көмекші Т-жасуша В-жасушаны белсендіретін цитокиндерді бөледі.
- IV. В-жасушалары полисахаридті антигендердің бір бөлігін өндеп, оларды көмекші Т жасушаларына ұсына алады.
- V. В-жасушаларында МНС I кешені жетіспейді.

- A. I, III
- B. I, II, III
- C. I, III, IV
- D. I, II, III, IV
- E. I, III, IV, V

32. Қаңқа бұлшықеттерінің энергия алмасуы суретте көрсетілген.



Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

I. Тез қозғалатын бұлшық ет талшықтарының энергия қажеттіліктерінің көп бөлігі 1 және 2 жолдар бойынша өтеледі.

II. Энергияға қажеттіліктің көп бөлігін 1 жол арқылы қамтамасыз ететін талшықтар шаршауға төзімді.

III. 3 жол арқылы энергия қажеттіліктерінің көп бөлігін қамтамасыз ететін талшықтарда миоглобиннің мөлшері жоғары.

IV. Бұлшықет талшықтары тынымда болған кезде 1 реакция кері бағытта жұмыс істейді.

V. Ca<sup>2+</sup>-АТФаза белсенділігі төмендегенде, бір рет қозу (twitch) ұзақтығы қысқарады.

A. I, III

B. III, IV


C. I, III, IV

D. II, III, IV

E. I, III, IV, V



33. Адамның имплантациялау процесінің кезеңдері төмендегі суретте көрсетілген. Адамның эмбриологиялық даму процесі туралы келесі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?



I. Құрылым 1 - бластоциста.

II. Құрылым 3 плацентаның пайда болуына қатысады.

III. Адамдарда голобластикалық сегментация байқалады.

IV. Құрылым 2-дегі бос аралық болашақта амниотикалық бос аралыққа айналады.

V. Сарыуыз қабы құрылым 4-тен дамиды.

A. I, III

B. II, III, IV

C. I, II, III


D. I, III, IV

E. I, II, III, V




## Өсімдіктер анатомиясы және физиологиясы


34. Төменде бес түрлі өсімдік органдары көрсетілген. Стелалардың құрылымын ескере отырып, төмендегі нұсқалардың қайсысы осы өсімдіктердің эволюциясының дұрыс ретін қарапайымнан жоғары дамығанға дейін көрсетеді?



Өсімдік P




Өсімдік R



Өсімдік S



Өсімдік T



Өсімдік U

- A. R – T – P – S – U
- B. T – R – P – U – S
- C. R – P – T – U – S
- D. T – R – S – U – P
- E. R – T – P – U – S

35. Жасушалардағы судың тасымалдануы туралы келесі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

I. Диффузия арқылы тасымалдау қысым градиентінің әсерінен болады.

II. Массалық ағын концентрация градиентімен тасымалданады.

III. Осмос қысым мен концентрация градиенттері арқылы тасымалданады.

IV. Ксилемадағы ұзақ қашықтық тасымалдау массалық ағынмен қамтамасыз етіледі.

A. I, III және IV

B. III және IV

C. Тек III

D. I, II, III және IV

E. II, III және IV

36. Төменде өсімдік құрамындағы 5 минерал / элементтер және элементтердің кейбір функциялары / қасиеттері келтірілген. Қандай минералдар / элементтерде барлық көрсетілген функциялар / қасиеттер бар?

Қасиеттері	B	S	Mg	Mo	Cu	Zn
Бұл белсенді элемент.						
pH 7-8 кезінде оның топыраққа сіңуі қышқыл pH-пен салыстырғанда төмен болады.						
Ферменттердің белсенділігі үшін маңызды.						
Жетіспеушілік жағдайында алғашқы белгілер ескі жапырақтарда байқалады.						

A. Тек Mg

B. Тек S

C. Mg және Zn

D. Mg, Mo және Zn

E. Mo және Zn


37. Цитокининдердің қоректік заттар тасымалына әсерін зерттеу үшін мөлшері бірдей екі ұштық жапырақтары бар бір өсімдіктің 3 өскені қолданылды. Радиоактивті амин қышқылы әр өскеннің оң жапырағына бірдей пропорцияда қолданылды. Содан кейін, X және Y белгілері бар әр өскеннің бір жапырағына ештеңе қолданылмады, ал екінші жапырағына бензиладенин немесе таза су жағылды. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін радиоактивті амин қышқылымен әрекеттесе алатын бояу пайда болды және амин қышқылының тасымалдануы мен таралуы анықталды және келесі нәтижелер алынды. Эксперимент нәтижелері бойынша келесі тұжырымдардың қайсысы дұрыс емес?



- I. А өскеннің Y жапырағына таза су жағылды.
- II. В өскеннің X жапырағына бензиладенин жағылды.
- III. С өскеннің Y жапырағына таза су жағылды.
- IV. Бензиладенин А және С өскендерінің Y жапырақтарына жағылды.
- V. Егер Y жапырағына цитокинин және цитокинин тасымалдаудың тиімді ингибиторы қолданылса, А-ға ұқсас мәліметтер алынады.


- A. I, III және V
- B. Тек I
- C. Тек III
- D. I, III, IV және V
- E. I, III және IV

**38. TLC (жұқа қабатты хроматография) - молекулаларды полярлылығына қарай бөлетін хроматографияның бір түрі. TLC-дің жылжымалы фазасы (ерітінді) және жылжымайтын фазасы (қағаз парағы) бар. Жылжымалы фаза жылжымайтын фазаның бойымен ондағы еріген молекулалармен қозғалады:**




1 сурет: TLC тәжірибесі: Үлгілер жылжымайтын фаза болып табылатын жұқа қабатқа түседі. Жылжымайтын фаза төменгі жағында жылжымалы фазасы (ерітінді) бар ұяшыққа орналастырылады. Ерітінді капиллярлы болып қалатын фазалық қағазды жылжығанда, ол үлгілердегі молекулаларды алып кетеді. Молекулалар әр түрлі жылдамдықта қозғалатын болғандықтан, бұл кезде олар бір-бірінен алшақтайды. Ерітінді қағаздың жоғарғы жағына жеткенде қағаз камерадан шығарылып, нәтижелері талданады.


Үлгідегі молекулалар жылдамдығының айырмашылығының негізгі себебі - олардың жылжымайтын фазамен және жылжымалы фазамен түзетін физикалық байланыстардың беріктігінің айырмашылығы. Аполярлы жылжымалы фазамен күшті байланыс түзетін молекулалар жылжымалы фаза арқылы оңай қозғалады, ал полярлық жылжымайтын фазамен күшті байланыс түзетін молекулалар қозғалғаннан гөрі осы фазаға жабысып қалады. Өсімдік жапырақтарындағы пигменттерді зерттеуге арналған TLC тәжірибесінде ерітінді ретінде өте полярлы емес гексан, ал жылжымайтын фаза ретінде өте полярлы силикагель қолданылды. Силикагельмен қапталған қағаздың төменгі жағына сынамалардың қай жерге қойылатынын көрсететін сызық сызылды (бастапқы нүкте). Жапырақтарды ұсақтау арқылы алынған сұйықтықты біраз ерітіндімен араластырып, пипеткамен белгіленген сызыққа бытырылды. Содан кейін қағаз камераға орналастырылды, және біраз уақыттан кейін ерітінді қағаздың жоғарғы жағына жақындаған кезде камерадан шығарылды. Ерітіндінің жүріп өткен қашықтығы қағазда «ерітінді арақашықтығы» деп те аталады:



2-сурет: хроматографиядан бұрын (сол жақта) және хроматографиядан кейін (оң жақта) TLC қағазы сызғышпен бірге көрсетілген.



**Бета-каротин**



3-сурет: Өсімдік жапырақтарындағы кейбір пигменттердің химиялық құрылымы. Полярлық және полярлық емес топтар әр түрлі түстермен белгіленеді.



Rf мәні пигменттер арасындағы айырмашылықты анықтау үшін қолданылады. Rf мәні - бұл пигменттің жүріп өткен жолының арақашықтығы (бастапқы нүкте мен соңғы жеткен нүктенің арақашықтығы) мен ерітіндінің жүріп өткен жолының арақашықтығының (бастапқы мен еріткішке дейінгі арақашықтық) арақатынасы.

I. Бета-каротин үшін Rf мәні 0 мен 0.32 аралығында.

II. Хлорофилл а үшін Rf мәні шамамен 0,5-ке жуық.

III. Хлорофилл b үшін Rf мәні шамамен 0,32 құрайды.

IV. Rf 0.39 диапазонының пигменті 1-ші фотосистемаға қарағанда 2-ші фотосистемада көп кездеседі.

Жоғарыда көрсетілгендердің қайсысы дұрыс?

A. Тек II


B. I және III

C. II және IV


D. Тек III

E. III және IV

39. 2-ші фотосистемамен жұтылған әр фотон бір электрон алып келеді. Алайда судан газ тәрізді оттегі түзілуі үшін 4 электрон қажет. Басқаша айтқанда,  $O_2$  молекуласын құру үшін 4 фотон қажет:



4 фотон өзара қалай әрекеттесіп, оттегіні жасайды? Бір реакция орталығында бір уақытта 4 фотон болуы керек пе (1 нұсқа)? 4 түрлі белсенді реакция орталықтары бірігіп, бір оттегі молекуласын жасай ала ма (2 нұсқа)? Немесе судан 4 электронды алып, оларды бір-бірлеп реакция орталығына беретін «тегершікке» ұқсас жүйе бар ма (3 нұсқа)? Сіз осы сұрақтарға жауап табу үшін эксперимент жоспарлап отырсыз. Сіз қараңғыға бейімделген шпинат хлоропластарын үнемі 2  $\mu m$  жарқылдарға ұшыратасыз (реакция орталықтарын қанықтыратындай күшті). Жарқылдардың арасында сіз 0,3 секундтық қараңғылықты қысқа мерзімге қалдырасыз.  $O_2$  өндірісін әр жарқылдан кейін өлшейсіз:



Бұл жарқыландыру режимінде көптеген фото жүйелер бір жарқылда бір фотон түсіреді. Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, сіз  $O_2$  өндірісінде белгілі бір кезеңділікті байқайсыз. Бірінші  $O_2$  өндірісі үшінші жарқылау кезінде пайда болады, ал шындар әрбір келесі төртінші алау кезінде пайда болады. Фотосистема 2-дегі реакция орталықтарының 97% -ын ингибитормен тежеп, тәжірибені қайталаған кезде,  $O_2$  өндірісінің бірдей жылдамдығын көресіз, бірақ шындары ингибиторы жоқ эксперименттегі мәндерінің 3% құрайды. Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс екенін анықтаңыз.

I. Ингибиторсыз эксперименттің ең қолдаулы гипотезасы - 2 нұсқа.

II. Ингибитордың қатысуымен жүргізілген эксперименттік нәтижелер «тегершік» типті жүйенің жұмыс істемейтінін дәлелдеді.


III. Оттегі өндірісінің алғашқы шыңы 3-ші алау кезінде болғанымен, кейінгі кезеңдерінің 4-ші жарқылдардағы шындардың себебі, жарық көрінген кезде фотосистемалардың құрылымы өзгереді (адаптация).

IV. Бір немесе бірнеше жарқылда фотондарды түсіретін кейбір фотожүйелер уақыт өте келе синхрондауды нашарлатып, шындары аз айқындала бастады.


- A. I және II
- B. II және IV
- C. Тек IV
- D. III және IV
- E. I және III



40. Төмендегі графиктерде колеоптильдегі сахароза (Suc) және / немесе индол-3-сірке қышқылы (IAA) әсерінен жасушалардың өсуі және IAA әсерінен жасушаның созылуына байланысты жасуша қабырғаларын қышқылдандыру кинетикасы көрсетілген (2-сурет). Бұл процестерді ақуыз синтезінің ингибиторлары және суық ауамен өңдеу арқылы тежейтіндігін ескере отырып, осы нәтижелерге сүйене отырып, «қышқылдың өсу гипотезасы» ұсынылған, бұл ауксиннің әсерінен жасушаның созылуын жақсы түсіндіретін гипотеза. (2-суреттегі pH мәні жасуша қабырғасына арналған.)



Сурет 1




Сурет 2

Төмендегі тұжырымдардан осы нәтижелерге және қышқылдың өсу гипотезасына сәйкес келетінін таңдаңыз.

- A. IAA арқылы жасуша қабырғасына айдалатын протондар жасушаның созылуына қажет АТФ-ты жасайды.
- B. Жасуша қабырғасының IAA индукцияланған қышқылдануы АТФ-қа тәуелді процесс болып табылады және метаболизм ингибиторларымен өңдеу арқылы кешіктірілуі мүмкін.
- C. Жасуша қабырғасының IAA әсерінен релаксациясы негізінен қышқылдану жасуша қабырғасының ақуыздарындағы ковалентті байланыстың әлсіреуінен болады.
- D. Жасушаның IAA әсерінен созылуының және сахарозаның әсерінен созылуының жалпы әсер ету механизмі бар: жасуша қабырғасының қышқылдығының жоғарылауы және одан кейінгі тургор қысымының өзгеруі.
- E. Жасуша қабырғасының қышқылдануы және созылу индукциясы IAA-ға тән процестер болып табылады, сондықтан олар IAA болмаған кезде фузикококинмен (протонды насос активаторы) индукцияланбайды.

41. Гүлдің даму процесінде әр түрлі мүшелердің пайда болуы ABC моделімен түсіндіріледі. А, В және С гомеотикалық гендердің әр түрлі топтарын білдіреді. Осы гендердің активтену тәсімі осы аймақта пайда болатын гүл органын анықтайды. 1-суретте осы үш топ генінің экспрессиясының нәтижесінде пайда болған гүл бөліктері көрсетілген.



Сурет 1



Сурет 2


APETALA2-2 (AP2), PISTILLATA 2 (PI) және AGAMOUS1 (AG) гендерінің әрқайсысы А, В немесе С гомеотикалық гендік топтарының біріне жатады, 2-суретте жабайы типтегі гүл, AP2 мутант гүлі, PI мутантты гүлі және AG мутант гүлі сәйкесінше көрсетілген.

Төменде келтірілген гендік топтардың қайсысы дұрыс?

- A. AP2: А тобы, PI: В тобы, AG: С тобы
- B. AP2: А тобы, PI: С тобы, AG: В тобы
- C. AP2: В тобы, PI: А тобы, AG: С тобы
- D. AP2: В тобы, PI: С тобы, AG: А тобы
- E. AP2: С тобы, PI: А тобы, AG: В тобы

## Экология

42. X және Y түрлерінің популяциясының өсу қисығы төмендегі графикте көрсетілген. X түрлерінің өсу қисығындағы екі нүкте 1 және 2 деп белгіленеді.



Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

I. X түрінің 1-ден 2-ге дейінгі өсуін « $dN / dt = r \max N$ » деп модельдеуге болады.

II. X түрі - k-стратегия, Y түрі - r-стратегиясы.


III. Y түрлері экологиялық проблемалары (disturbance) көп жерлерде жақсы өседі.

IV. Y түрлеріне арналған ортаның сыйымдылығы шамамен 90 000 дараны құрайды.

V. Семельпария итеропатиямен салыстырғанда Y түрлерін өсіру үшін тиімдірек стратегия болып табылады.

- A. I, II, IV
- B. I, III, IV
- C. II, III, V
- D. II, IV, V
- E. II, III, IV, V

43. Соңғы жылдары климаттың өзгеруінің қоршаған ортаға әсері туралы ғылыми зерттеулер көбейіп келеді. Алайда, антропогендік факторлар экожүйеге өте жойқын әсер етуі мүмкін. Лоранстың (2001) және Тилманның (2001) 2020 және 2050 жылдар аралығында ауылшаруашылық қызметінің өзгеруін болжады. Нәтижелер төмендегі графикте көрсетілген.




2020 және 2050 жылдар аралығында ауылшаруашылық белсенділігінің өсуі: 2020 (қызғылт сары бағана) және 2050 (сұр бағана).

Мәліметтер бойынша 2050 жылға арналған болжамдардың қайсысы дұрыс?

- I. Су ресурстарының эвтрофикациясы күшейеді.
- II. Суару топырақтың тұздануын арттырады.
- III. Пестицидтерге төзімділік көптеген жәндіктер мен арамшөптерде кездеседі.
- IV. Тіршілік ету ортасының бұзылуы күшейеді.

- A. I және II
- B. III және IV
- C. I, III және IV
- D. II, III және IV
- E. I, II, III, IV


44. Тірі организмдер өз энергияларын болашақтағы ұрпақтарына қолдау көрсету үшін әр түрлі іс-әрекеттер арасындағы оңтайлы тепе-теңдікте пайдаланады. Алтын балық - тұқы тұқымдасына жататын балықтардың планктонды түрі. Төмендегі графикте алтын балықтың (*Carassius auratus*) энергияны әртүрлі жағдайларда үш маңызды іс-әрекеттің арасында бөлуі көрсетілген.



Қоршаған орта жағдайларын графикалық сандармен сәйкестендіріңіз.

	Жоғары бәсекелестік	Көптеген жыртқыштар	Сұрыпталудың қысымы бірдей	Төмен бәсекелестік және аз жыртқыштар
A.	I	II	IV	III
B.	I	IV	II	III
C.	II	I	III	IV
D.	II	IV	III	I
E.	IV	II	III	I

45. Форель - бұл 1860 жылдары Жаңа Зеландия өзендеріне енгізілген табиғи емес түр. Бүгінде бұл өзендердің көпшілігінде кездеседі. Көптеген өзен экожүйелерінде форель бұрын жергілікті экожүйеде көп болған галактика балықтарының орнын басқан. Флекер мен Таунсенд (1994) өз тәжірибесінде форель мен табиғи галактика балықтарының өзеннің қоректену тізбегіне әсерін зерттеді, ол кейінірек экожүйеге жіберілді. Олардың нәтижелері төмендегі графикте көрсетілген.



**N: Балық жоқ G: Галактика балықтары T: Форель**

Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

- I. Форель көбінесе омыртқасыздардың биомассасына әсер етеді.
- II. Қоршаған ортада екі балықтың да болуы балдырлардың биомассасына оң әсер етеді.
- III. Форельдің өзен экожүйелеріне жіберілуі тамақ тізбегінде ешқандай өзгеріс тудырмады.

- A. I
- B. I және II
- C. III
- D. II және III
- E. I, II және III

46. Күріш өсімдіктерін суару басқа өсімдіктермен салыстырғанда ерекше маңызға ие, өйткені олар су астында бүкіл маусымда өсіріледі. Пестицидтер мен тыңайтқыштарды азырақ пайдалану үшін Қызылорда облысында күріш алқаптарындағы торларда қаздарды өсіру - бұл енді ғана сынала бастаған әдіс. Қаздар күріш алқаптарындағы жәндіктер зиянкестерімен қоректенеді, ал олардың қалдықтары күрішке тыңайтқыш болады. Күріш алқаптарында өсірілген қаздар кәдімгі қаз қораларында өсірілгенге қарағанда сау әрі ауруға төзімді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес, төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

I. Қаз бен күріштің арақатынасы - факультативті мутуализмнің мысалы.

II. Қаз бен күріштің арасында қарапайым тіршілік ету орталарынан басқа байланыс жоқ.

III. Қаз бен күріштің арақатынасы мутуалистік сипатқа ие.

IV. Қаздар көбейгенде күріштің дамуы тоқтайды.

V. Қаз бен күріштің арақатынасы - комменсализмнің жақсы мысалы.

A. I

B. II

C. III


D. I, III

E. II, IV, V



## Этология

47. Келесі суретте бес жануардың тіршілік ету ортасы мен территориялары көрсетілген (А, В, С, D, E). Бұл жануарлардың біреуі жыртқыш, төртеуі шөпқоректі жануар екені белгілі. Күлгін үзік сызықтармен қоршалған әр аймақтың ауданы суретте  $\text{km}^2$ -де көрсетілген. (Сурет масштабсыз салынды).



Төмендегі тұжырымдардың қайсысы дұрыс?

I. Күлгін үзік сызықтармен қоршалған аймақтар тіршілік ету ортасын, ал тұтас қара сызықтармен қоршалған аймақтар территорияларды білдіреді.

II. Егер А және С особьтары бір түрге жататыны белгілі болса, онда С-ның тіршілік ету ортасы ресурстар жағынан кедей деп айтуға болады.

III. С күлгін үзік сызықтармен шектелген  $12 \text{ km}^2$  территорияны осы түрдің басқа дараларынан қорғайды.

IV. D және E территориялық аймақтары бірдей.

V. В қабылан, D бұғы болуы мүмкін.

- A. I, II
- B. II, III
- C. III, IV
- D. I, II, V
- E. I, III, V

48. Тазқаралар - арам өлік жейтін құстар. Олар тапқан өлікті қорғайды ма, жоқ па, оған байланысты екі түрлі мінез-құлық фенотиптері бар. Егер тазқара тапқан тамағы үшін басқа тазқаралармен төбелесуге дайын болса, онда ол «агрессивті» деп сипатталады, ал егер оның төбелесуге батылы бармаса, онда ол «пассивті» деп сипатталады. Екі тазқараның бір-бірімен соқтығысуының ықтимал сценарийлері төмендегі кестеде көрсетілген.

		Екінші тазқара	
		Агрессивті	Пассивті
Бірінші тазқара	Агрессивті	Төбелесте жеңіске жеткен барлық тамақты алады. Төбелесте жеңіліп қалған, оның бағасын төлейді.	Агрессивті барлық тамақты алады.
	Пассивті	Агрессивті барлық тамақты алады.	Тамақ екіге бөлінеді.

«К» тазқараның барлық тағамнан алатын пайдасын және «В» жекпе-жекте жеңілген тазқараның төлейтін бағасы деп атайық. Табиғи сұрыптау мінез-құлық фенотипіне оңтайлы әсер етеді деп есептейік. Төмендегілердің қай тепе-теңдік жағдайындағы агрессивті индивидтердің барлық индивидтерге қатынасын беретін математикалық өрнек?

A.  $\frac{K-B}{K+B}$

B.  $\frac{K}{2B}$

C.  $\frac{2K}{B}$

D.  $\frac{K}{B}$

E.  $\sqrt{\frac{K}{B}}$

## Биосистематика

49. Төменде Chondrichthyes класына жататын кейбір балықтардың фотосуреттері берілген.



Chondrichthyes классындағы балықтарда қандай құрылым байқалмайды?

- A. Опистонефроз түрі бойынша бүйрек
- B. Торсылдақ
- C. Спиральды қақпақшалы ішек
- D. Класпер
- E. Плакоидты қабыршақ

50. Төмендегілердің қайсысы қырықбуынның апоморфиясы?

- I. Жер үсті бөлігінде қатты өзегі болуы.
- II. Кішірейтілген жапырақтар шеңбер бойымен орналасады және шеттерімен біріктіріледі
- III. Қалқанша спорангиофорлары
- IV. Иілімді фотосинтездеу споралары
- V. Стробилалар

- A. I және V
- B. II, III және V
- C. II және V
- D. I, II, III және IV
- E. II, III және IV

Заключительный этап республиканской олимпиады по биологии

1 тур

Время: 180 минут

Общее количество баллов: 100

Ответы закрасить в лист ответов

**Молекулярная биология клетки**

1. Ниже приведено аминокислотное содержание трех разных пептидов одинакового размера (пептид X, пептид Y, пептид Z):

- **Пептид X:** 10% Ile, 10% Glu, 5% Gly, 5% Leu, 10% Asp, 5% Arg, 5% Met, 5% Cys, 5% Tyr, 5% Phe, 5% His, 5% Val, 5% Pro, 5% Thr, 5% Ser, 5% Asn, 5% Gln.
- **Пептид Y:** 10% Ala, 5% Glu, 5% Ser, 15% Leu, 10% Arg, 5% His, 5% Ile, 5% Phe, 5% Tyr, 10% Lys, 10% Gly, 5% Pro, 10% Trp.
- **Пептид Z:** 5% Leu, 5% Val, 10% Gly, 5% Asp, 10% Ala, 5% Arg, 5% Phe, 5% Tyr, 5% Lys, 5% Trp, 5% Ser, 5% Thr, 5% Glu, 5% Asn, 10% Pro, 5% Met, 5% Cys.

Если бы эти пептиды поместили в анионообменную колонку при pH 7,0, в каком порядке пептиды выходили бы из колонки?


- A. Пептид Y, Пептид Z, Пептид X
- B. Пептид X, Пептид Y, Пептид Z
- C. Пептид Z, Пептид Y, Пептид X
- D. Пептид X, Пептид Z, Пептид Y
- E. Пептид Y, Пептид X, Пептид Z

2. Определите название фермента:

Это фермент, участвующий в реакциях гликолиза. Это лиаза. Катализируемая им реакция двунаправлена. Один из продуктов, образующихся в результате катализируемой им реакции, превращается в другой в результате реакции изомеризации.

- A. Альдолаза
- B. Триозофосфат изомераза
- C. Глюкозо-6-фосфатдегидрогеназа
- D. Энолаза
- E. Глюкозо-6-фосфат-изомераза

